

2002 жылғы 15-17 шілдеде Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігінің және Ресей Федерациясының Президенті Әкімшілігінің қатысуымен жұмыс тәжірибесін алмасу жөніндегі семинарды дайындау және өткізу туралы

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрінің өкімі 2002 жылғы 13 шілде N 103-ө Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігінің және Ресей Федерациясының Президенті Әкімшілігінің арасында жұмыс тәжірибесін алмасу мақсатында:

1. 2002 жылғы 15-17 шілдеде Алматы қаласында жұмыс тәжірибесін алмасу жөнінде семинар өткізілсін.
2. Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігінің және Ресей

Федерациясының Президенті Әкімшілігінің қатысуымен жұмыс тәжірибесін алмасу жөніндегі семинарды ұйымдастыру және өткізу бойынша іс-шаралар жоспары бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы (келісім бойынша) семинарды өткізуге арналған шығыстарды қаржыландыруды 2002 жылға арналған республикалық бюджетте "Ресми делегацияларға қызмет көрсету" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен қамтамасыз етсін.

Премьер-Министр

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2002 жылғы 13 шілдедегі
N 103 өкімімен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігінің және Ресей Федерациясының Президенті Әкімшілігінің қатысуымен жұмыс тәжірибесін алмасу жөніндегі семинарды ұйымдастыру және өткізу бойынша іс-шаралар жоспары

N	Іс-шараның атауы	Орындалу мерзімі	Жауапты орындаушы
---	------------------	------------------	-------------------

1 Басшылықпен келісу үшін бағдарлама 8 шілде Президент Әкімшілігінің

- жобасын дайындау және семинарға қатысушылар құрамын анықтау Ішкі саясат бөлімі*
- 2 Семинарға қатысушылардың тұруын қамтамасыз ету 15-17 шілде Президенттің Іс Басқармасы (келісім бойынша)
 - 3 Семинарға қатысушыларды тамақтан. дыруды қамтамасыз ету 15-17 шілде Президенттің Іс Басқармасы (келісім бойынша)
 - 4 Семинарға қатысушыларды көлік қызметімен қамтамасыз ету 15-17 шілде Президенттің Іс Басқармасы (келісім бойынша)
 - 5 Алматы қаласы әуежайының VIP-залында 15 адамға шай дастарханын қамтамасыз ету 15,17 шілде Президенттің Іс Басқармасы (келісім бойынша)
 - 6 Семинарға Қазақстан тарапынан қатысушылардың келуін, олардың Алматы қаласына жол жүруін қамтамасыз ету 14-15 шілде Президент Әкімшілігінің Аумақтық-ұйымдастыру бөлімі*
 - 7 Жалпы отырыс пен секциялар бойынша жұмыс үшін үй-жай дайындау және жабдықтау (мемлекеттік нышан, дыбыс жазу, үдеткіштер, ұйымдық техника, көрсеткіштер, нысыпнама. лар, бағдарламалар) 15 шілде Президент Әкімшілігінің аумақтық-ұйымдастыру, Ішкі саясат бөлімдері* Президенттің Іс Басқармасы (келісім бойынша), СІМ
 - 8 Алматы қаласының әуежайында қарсы алу/шығарып салу рәсімін ұйымдастыру 15,17 шілде СІМ, Алматы қаласының әкімі
 - 9 Семинарға Ресей тарапынан қатысушылардың кедендік рәсімдерден өтуін және тіркелуін қамтамасыз ету 15 шілде СІМ, Алматы қаласының әкімі
 - 10 Семинарға қатысушыларды "Алатау" санаторийіне орналастыруды қамтамасыз ету оларға тамақтануды және қызмет көрсетуді ұйымдастыру 15 шілде Президент Әкімшілігінің Ішкі саясат бөлімі*, Президенттің Іс Басқармасы (келісім бойынша)
 - 11 Мәдени бағдарламаны ұйымдастыру 15-16 шілде Президент Әкімшілігінің Аумақтық-ұйымдастыру бөлімі*, Алматы қаласының әкімі

- 12 Семинардың хаттамаларын жүргізуді қамтамасыз ету 16-17 шілде Президент Әкімшілігінің Ішкі саясат бөлімі*
- 13 Семинарға қатысушыларды секциялар бойынша бөлуді пысықтау және секциялар жұмысын ұйымдастыру 16 шілде Президент Әкімшілігінің Ішкі саясат бөлімі*
- 14 Семинарды ақпараттық-құжаттамалық қамтамасыз ету мәселелерін пысықтау (баяндамалардың мәтіндерін көбейту, материалдарды жалпы отырыстардың және секциялардың жұмысына дайындау және басқалары) 15-17 шілде Президент Әкімшілігінің Ішкі саясат бөлімі*
- 15 Сыйлықтарды ұйымдастыру және оларды семинарға қатысушыларға тапсыру 15 шілде Президент Әкімшілігінің Аумақтық-ұйымдастыру, Ішкі саясат бөлімдері*
Президенттің Іс
Басқармасы (келісім
бойынша)
- 16 Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі атынан қабылдауды ұйымдастыру 17 шілде Алматы қаласының әкімі

* - жауапты орындаушылар Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігімен келісім бойынша белгіленген.

Мамандар:

Қасымбеков Б.А.

Жұманазарова А.Б.